



29 сәуір, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

БІРЛІКТІҢ, ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМНІҢ 30 ЖЫЛЫ



Кеше Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы, ҚХА Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен «Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясы өтті.

Сессия жұмысына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, облыс әкімдері – Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларындағы және облыстардағы ҚХА төрағалары, орталық мемлекеттік органдар басшылары, ҚР Парламенті депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері, аймақтық және республикалық этномәдени бірлестіктердің төрағалары, саяси партиялар, діни бірлестіктер, ҰЕҰ, ғылыми, шығармашылық интеллигенция өкілдері және БАҚ өкілдері – барлығы 550-ден астам адам онлайн қатысты.

Елбасы Ассамблеяның алдына қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті одан әрі нығайту бойынша нақты міндеттер қойды. Сондай-ақ ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктерінің басшылары, жұмысшы өкілдері, спорт,

азаматтық қоғам өкілдері, жастар және т.б. сөз сөйледі. Елбасы ҚХА төрағасы лауазымын елдің іс басындағы Президенті атқаруы тиістігін атап өтті.

– «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңға, Ассамблея туралы заңға сәйкес маған Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы лауазымын өмір бойы атқару құқығы берілген. Жалпы, мен сіздермен барлық уақытта бірге боламын әрі одан бас та тартпаймын. Дегенмен, Ассамблеяны басқаруға қатысты бірқатар құзырет еліміздің Президентіне жүктелген. Тіпті, бұл да маңызды емес.

Қазақстан халқы Ассамблеясы тірек ретінде іс басындағы Президенттің жанында тұруы тиіс және екінші жағынан Мемлекет басшысы да Ассамблеяға арқа сүйейді. Сондықтан мен Ассамблеяны басқару құқығымды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа беру туралы шешім қабылдадым, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрсетілген сенім үшін алғыс білдіріп, Ассамблеяны басқару өте жауапты жұмыс екенін, Елбасының «Қазақстан жолы» тұжырымдамасын, мемлекетіміздің дара жолын дүние жүзі мойындағанын атап өтті.

– Жаһан жұртшылығы Сізді аса көрнекті реформатор және әлем деңгейіндегі саясаткер ретінде құрметтейді. Парасатты басшылығыңызбен қол жеткізген табыстарымыз мәңгілік тарихи мән-маңызыға ие болды. Сондықтан, елдік жолында сіңірген ерен еңбегіңіз әлемнің және Қазақстанның тарихында мәңгі жазылатыны сөзсіз. Халқымыздың тату-тәтті тіршілігі – Сіздің саликалы саясатыңыздың арқасы. Осы дәстүрді сақтап, елімізді одан әрі өркендету қашанда маңызды, – деді Президент.

2-бет

БЫҒЫЛҒЫ МЕЖЕ – 644,7 мың шаршы метр

Биыл облыс бойынша барлық қаржыландыру көздері есебінен 644,7 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы мен «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 2269 пәтерлі 148 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі. Соның ішінде жыл соңына дейін ауданы 112,2 мың шаршы метр болатын 1686 пәтерлі 104 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарда тұр.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

– «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында осы жылы жалға берілетін 662 пәтерді құрайтын 16 үй пайдалануға беріледі. Олар сол жағалаудан 12 және Шиелі кентіндегі 4 үй. Оның ішінде 232 пәтер халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына берілсе, 430 пәтер аз қамтылған көпбалалы отбасыларына табыстатын болады, – дейді облыстық құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов.

Сонымен бірге, биыл тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды кредиттік үймен қамтамасыз ету үшін 38 тұрғын үй пайдалануға беріледі. Бұған қала ішіндегі «СПМК-70» тұрғын ауданынан 13 (сүретте), Шиелі ауданынан 25 үй кіреді. Ал жыл соңына дейін «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін 111 пәтерді құрайтын 43 тұрғын үй пайдалануға берілімек. Аталған бағдарлама арқылы Сырдарияда 36 пәтерлік 2, Жалағашта бір қабатты 20, Қармақшыда бір қабатты 19 және Жаңақорған ауданында 36 пәтерлік 2 үй уақытында өз иелеріне тапсырылатын болады.

● «QYZYLORDA» – 30



Ақпарат айдынындағы айтулы белес

Осыдан 30 жыл бұрын аймақтың төл телеарнасы көрерменге жол тартты. Содан бері «Qyzylorda» телеарнасы БАҚ ретінде тек ақпарат таратумен шектелмеді, дегенмен тұрса деп түсіп, мәселелердің түйінін тарқатты, өмірдің рухани, мәдени дамуына үлес қосты. Осылайша тұрақты көрерменін қалыптастырды. Ең бастысы, мұнда айта да, жаза да білетін айтулы тілшілер шоғыры қалыптасты.

«Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры, «Құрмет» орденінің иегері Жағыппар Қарабаламен сұхбаттасудың сәті түскен еді, телеарнаның өткені мен бүгіні туралы кеңінен сөз қозғадық.

3-бет

Зұрпақ, қайда барасың?

Х, Y, Z... Бұл – әр заманда бір-бірін алмастырған ұрпақтар буынының шартты атауы. Оны әлеуметтік феномен ретінде әуелгілердің бірі болып XX ғасырдың басында неміс әлеуметтанушысы әрі философы Карл Мангейм ұсынды. Ғалым құндылықтары мен әлеуметтік-тарихи тәжірибесі ортақ адамдарды осылай топтастырды.

1991 жылы америкалық зерттеушілер Уильям Штраус пен Нил Хоу буын теориясын ойлап тапты. Теория бойынша әр буынның ойлау қабілеті мен өмірлік ұстанымының түбегейлі өзгерісіне кемі ширек ғасыр керек.

Ұрпақтар жіктелісін саясаттанушы Айдос Сарым жақсы келтіріпті. «Осы теорияға салатын болсақ, – дейді ол, – бүгінгі Қазақстанда бірнеше ұрпақ өкілі тұмыр кешіп жатыр:

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



4-бет

БАСПАСӨЗ – 2021

Құрметті оқырман

2021 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:

жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ



АХУАЛ ӘЛІ ДЕ КҮРДЕЛІ

Әлемде, оның ішінде елімізде коронавирус індетінің эпидемиологиялық ахуалы күрделеніп отырғаны белгілі. Сәрсенбідегі жағдай бойынша 11 өңір «қызыл аймақта» болса, сол тәулікте 2682 адамның вирус жұқтырғаны ПТР арқылы нақтыланды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Атап айтқанда, «қызыл аймақта» Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар облыстары бар.

Ал, облыста кеше 57 науқас тіркелді. Оның 32-сі симптомды, 25-і симптомсыз. Індет жұқтырған 14 науқас инфекциялық стационарда, 43-і үй жағдайында бақылауда. Жалпы, өңірде жұқпалы дертпен

тіркелген науқастар саны – 5350. Ал індеттен айыққандар саны – 4419-ды құрайды.

Ел аумағында індетке қарсы вакцинациялау жұмысы қарқынды жүргізілуде. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша 1016809 адам вакцина салдырған. Екпенің толық 2 компонентін салдырғандар бойынша алдыңғы үштікте Алматы қаласы (44250 адам), Түркістан облысы (19354

адам) және Нұр-Сұлтан қаласы (18168 адам) тұр.

27 сәуірде облыста барлығы 1853 тұрғын коронавируска қарсы екпе ектірді. Ал жалпы 1 ақпан - 27 сәуір аралығында қала бойынша – 16863, аудандарда – 7620, барлығы 24488 адам екпе салдырған. Екпе алғандардың барлығы авторизациялаудың бірыңғай тегігі арқылы «Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне» енгізілген.

Мәселен, Жаңақорған ауданында коронавируска қарсы вакцина салдырғандар саны 1405-ке жеткен. Екі күн бұрын ауданға «Спутник V» вакцинасының 3000 дозасы жеткізілді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ауданның бас мемлекеттік

санитарлық дәрігері Шынар Айдарова мәлімдеді.

Оның айтуынша, ауданда ахуал күрделі. Сәуір айының өзінде індет жұқтырғандар саны 130-ға жетіп, сыртқатанушылық көрсеткіші 21 процентке өскен.

– Пандемия басталғалы бері ауырғандардың басым бөлігі ересектер болса, сәуірде 18-29 жас аралығындағы азаматтар індетке шалдығуда. Сондықтан тұрғындардан сақтық шараларын қатаң ұстануды сұраймыз, – деді ол.

Айта кетейік, өңірімізге 36200 доза вакцина тағы әкелінді. Оның 34200-і – «СпутникV» вакцинасы болса, 2000-ы – «QAZVAC» екпесі. Алдыңғысы аудандарға бөліне, отандық вакцина әзірге қалада салынууда.

БІРЛІКТІҢ, ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМНІҢ 30 ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы өз сөзінде Ассамблея – бұрын-соңды ешбір елде болмаған бірегей құрылым екенін айтып, басқа мемлекеттер де біздің үлгіміз бойынша түрлі ұлт өкілдерінің басын қосатын осындай ұйым құруды бастағанына тоқталды. Отыз жыл ішінде халқы тату, жері тыныш, қоғамы тұрақты мемлекетке айнал – шын мәнінде, мақтан тұтарлық жетістік. Сан түрлі ұлыстың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдыру оңай шаруа емес.

1-бет

– Біз сыйластық пен келісімнің, бауырмалдық пен өзара құрметтің негізінде еңселі, өркениетті ел болып отырмыз. Бұл, әрине, Елбасының арқасы. Мұны әрдайым есте ұстауымыз қажет. Әсіресе, корона-вирус дерті қыспаққа алған қазіргі күрделі кезеңде халқымыздың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін біз бәріміз бір Ел, бір Ұлт болып жұмылуымыз керек, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев Нұрсұлтан Назарбаевтан Қазақстан халқы

Ассамблеясының құрметті төрағасы болуды сұрады. – Аса құрметті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің Ассамблеяның Құрметті Төрағасы болу туралы ортақ ұсынысымызды қабыл алуыңызды өтінеміз. Бұл мәртебе шын мәнінде халықтың және мемлекеттің алдындағы тарихи еңбегіңізге байланысты Сізге тиесілі. Ассамблеяның барлық мүшелері бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Ассамблеяның да алдында жана міндеттер тұрғанын, татулық пен келісім саясатын лайықты жалғастырып, дамыта түсу баршамыздың ортақ парызымыз екенін атап айтты. – Қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында Ассамблея халықтың талап-тілектерін орындауға бағытталған нақты жобаларды жүзеге асыруға айрықша мән беруі қажет. Баршамызға ортақ жұмыстың басты бағдары дәл осындай болуға тиіс. Біз бәріміз бірлік пен ынтымақтың

арқасында жасампаз ұлт болып, алдымызда тұрған тарихи мақсаттарға қол жеткіземіз, – деді Президент. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ассамблеямен тығыз жұмыс істей беретіндігін атап өтті. Ассамблея сессия соңында Үндеу қабылданды. Онда Тәуелсіздікті, елдегі татулық пен келісімді күшейтуде Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі, Елбасының татулық пен келісімнің қазақстандық бірегей моделін құрудағы тарихи рөлі айрықша аталып өтілді.

Аудан жаңалықтары

ГАЗ МЕКЕМЕСІНІҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ

Арал аудандық газ шаруашылығы мекемесі аудан орталығындағы Жылқамаң батыр көшесінде орналасқан жаңа ғимаратқа көшті.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы, Арал газ шаруашылығы мекемесі бүгінде аудан бойынша жалпы ұзындығы 345,7 шақырым газ құбырына қызмет көрсетеді.

Аудан әкімінің орынбасары Ербол Талекенов заманауи үлгідегі нысанда болып, мекеменің жағдайымен танысты. Жаңа нысанда барлық санитарлық талаптардың қатаң сақталуы қажет екендігін ескертіп, арнайы антисептикалық құралдың болуын міндеттеді.

Газ тұтынушылары мен таратушылардың талабына сай жабдықталған нысанның ашылуына жергілікті кәсіпкер Жұбанов Аманжолөвтің еңбегі зор. Мұнда газ пайдаланушылар үшін терминал құрылғылары арқылы төлем жасау және есеп айырысу залы қарастырылған.

Қазір Арал қаласы бойынша 6356 тұрғын үй, 210 кәсіпкерлік, 23 әлеуметтік нысан және ауданда қарасты Жаксықалыш кентінде 528 тұрғын үй «көгілдір отынның» игілігін көруде.

ҚАЗАЛЫДАҒЫ «ДАЛА КҮНІ»

Қазалы ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаев Жалентос батыр ауылында ұйымдастырылған «Дала күні» шарасына қатысты. Онда алқапқа алғашқы дән себіліп, күріш егу науқаны басталды.

– «Көктемнің әр күні жылы азық» деп бекер айтылмаған. Қазір жұмыстың қызған шағы. Ала жаздай ығынан кетпей түспейтін дикандар бір сәтті де бос жібермеуге тырысып жатыр. Олар күндіз-түні егістік басында еңбек етуде. «Не ексең, соны орасың» дегендей көктемгі тынымсыз еңбектің өтемі күзде, жиын-терім кезінде көретініміз анық, – деді аудан әкімі.

Биыл ауданда 17685 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарлануда. Оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 6637 гектар. Одан бөлек, 125 гектар майлы дақылдар, 2250 гектар картоп, көкөніс, бақша дақылдары егілмек. Көктемгі дала жұмыстары уақытылы жүргізілуі үшін қажетті шаралар қабылданған. Аудан дикандары минералды тыңайтқыш және тұқыммен қамтамасыз етілуде. Бүгінгі таңда 462 тонна арзандатылған дизель отыны жеткізілді.

ШАҒЫН ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қармақшы ауданы әкімдігі, аудандық спорт бөлімінің қолдауымен футболдан шағын турнир өтті.

Иіркөл ауылдық округінде өткен жарыстың нәтижесі бойынша құрама командалардың ішінен №106 орта мектеп 1-орынды, ауыл әкімдігі 2-орынды, балабақша 3-орынды иеленді.

Жарыс қорытындысы бойынша Мұрат Көрібаев «Үздік шабуылшы», Сәндібек Сахиев «Үздік қорғаушы», Ибрагим Оспан «Үздік қақпашы» номинацияларымен марапатталды.

«РЕКТОР КУБОГЫНЫҢ» ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Болашақ» университетінде 11-сыныптар арасында «Ректор кубогына» арналған облыстық дебат турнирі өтті.

Сайысқа облыс бойынша 17 фракция қатысты. Дебат турнирінің қорытындысымен Жалағаш ауданы Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің «Ликүргі» дебат клубы турнир жеңімпазы атанды.

Оларға «Ректор кубогымен» қатар ақшалай сыйлық табысталды.

2400 ДОЗА ВАКЦИНА ЖЕТКІЗІЛДІ

Сырдария ауданына коронавирус инфекциясына қарсы 2400 доза «Спутник V» вакцинасы жеткізіліп, екпе егу жұмыстары жүргізілуде.

Ауданда вакциналау жұмыстары наурыз айынан басталып, бүгінгі күнге дейін 500 сырдариялық екпе салдырды. Олардың басым бөлігі медицина, төтенше жағдай, мемлекеттік кірістер, білім саласының өкілдері.

Вакциналау жұмыстарын жүргізу үшін аудандық ауруханада санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай егу бөлмелері дайындалған. Егу шараларына 55 медицина қызметкері тартылды. Мамандар індетті жеңуші жолы вакцина салдыру екенін тұрғындарға ұғындырып келеді.

ЖЕР КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Шіелі аудан әкімінің орынбасары Ерұлтан Алетовтың төрағалығымен аудандық жер комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Онда аудан және ауылдық округтерден жалпы саны 49 өтініш келіп түскен. Комиссия мүшелері өтініштерді қарау барысында 11 өтінішті кері қайтарып, қайта зерделеуге жіберсе, 2 өтінішке теріс қорытынды берілді. Қалған 36 өтініш бойынша он қорытынды қабылданды. Сәулет бөліміне кент ішіндегі құрылыстарға, тротуарларды заңсыз қоршауға алғандарға қатысты түзетуіре жұмыстары жүргізу тапсырылды.

АУЫЛҒА ИНТЕРНЕТ ТАРТЫЛДЫ

Наурыз айынан бастап Жаңақорған ауданындағы 19 елді мекенге талшықты оптика байланыс желісі тартылды. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін жалғасатын болады. Мәселе аудан әкімі Руслан Рүстемовтің тікелей бақылауында.

Жақында Көктөбе ауылына «Activ» байланысының мачталық антеннасы қойылып, 3G байланысы іске қосылса, Келінтөбе ауылына «Beeline» телеоператорының 4G байланысының игілігін ел көруде. Енді кенттің жаңа шағын аудандарының тұрғындары интернеттің игілігін көресек деп ниеттеніп отыр. Жакын күндері бұл түйінді мәселе де шешілмек.

«СБ» ақпарат

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА МІНДЕТ



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, ҚХА Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясына Сыр елінен онлайн режим арқылы облыс әкімі – облыстық ҚХА төрағасы Гүлшара Әбдікалықова, облыс әкімінің орынбасары – облыстық ҚХА төрағасының орынбасары Серік Ахмет, облыстық Ассамблеяның мүшелері және өңірдегі бірқатар этномәдени бірлестіктің жетекшілері де қатысты.

Айта кетейік, Ассамблея сессиясы барысында Үндеу қабылданды, онда «30 жыл бұрын Тәуелсіздікке алғаш қол жеткізгеннен бастап халқымыз, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемел басшылығымен, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті – ел дамуының басты ұстанымы ретінде таңдады. Бұл қағидат – табысты да ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалардың, саяси жүйені үздіксіз демократияландырудың, ұлттың әлеуметтік капиталын дамытудың мызғымас іргетасына айналды», – деп көрсетілген.

Сессия барысында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы лауазымын еліміздің Президенті

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа тапсырды.

– «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңға, Ассамблея туралы заңға сәйкес маған Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы лауазымын өмір бойы атқару құқығы берілген. Жалпы, мен сіздермен барлық уақытта бірге боламын әрі одан бас та тартпаймын. Дегенмен, Ассамблеяны басқаруға қатысты бірқатар құзырет еліміздің Президентіне жүктелген. Қазақстан халқы Ассамблеясы тірек ретінде іс басындағы Президенттің жанында тұруы тиіс және екінші жағынан Мемлекет басшысы да Ассамблеяға арқа сүйейді. Сондықтан мен Ассамблеяны басқару құқығымды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа беру туралы

шешім қабылдадым, – деді Елбасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа Ассамблеяның Құрметті Төрағасы болу туралы ұсынысын жеткізді.

Сессиясы біткеннен кейін облыс әкімі – облыстық ҚХА төрағасы Гүлшара Әбдікалықова облыстық ассамблея мүшелері мен өңірдегі этномәдени бірлестіктердің өкілдеріне алға қойған міндеттер бірлесіп орындالاتынын айтты.

– Жаңа ғана өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясында, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Мемлекет басшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алдымызға бірқатар жаңа міндеттер қойды. Алдағы уақытта сол міндеттерді жүзеге асыру мақсатында облыстық ассамблеяның XXIX сессиясын өткізуді жоспарлаймыз. Баршаның бірі күні мерекесімен құттықтаймын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселеі болғай! – деді Гүлшара Әбдікалықова.

Айта кетейік, өңірде 11 этномәдени бірлестік жұмыс жасайды. Жалпы аймақта 35 этнос өкілдері тұрады.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдікалықованың төрағалығымен кеңейтілген жиын өтті. Оған әкім орынбасарлары, салалық басқарма басшылары мен онлайн селекторлық режимде қала, аудан әкімдері қатысты.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИЫНДАҒЫ КЕЛЕЛІ ЕКІ МӘСЕЛЕ

Қаралған екі мәселенің алғашқысы – жылу маусымын қорытындылау және алдағы міндеттерді айқындау. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов жылу беру маусымы кезеңінде атқарылған жұмыстарды баяндады.

Жауапты маусымда облыстағы 1185 әлеуметтік нысан мен орталық жылуға қосылған 784 қонпабатты тұрғын үй жылумен қамтылды. Бұл ретте әлеуметтік нысандарға қажетті 40 мың тонна көмір, 26 мың тонна дизельді отын қоры мерзімінде жасакталып, тұрғындарға қажетті 164 мың тонна көмір отыны толық жеткізілген.

Руслан Нұрмағанбетов электр энергиясынан болатын ақаулардың мәселелері, тұрғын үйлерге жылу, су, электр есептеуіш құрылғыларды орнату бойынша нақты жағдайды тпзбектеді. Сондай-ақ, алдағы жылу беру кезеңінде іске асырылатын жұмыстарға тоқталды. Алдағы жылу маусымында 5 шақырым жылу, 1447 шақырым электр, 2 шақырым су және қаржы, 2307 шақырым газ желілері жөнделді. Мұнан бөлек, «Қызылорда жылу электр орталығы» мен 13 қазандық жөнделуден өтпек.

Аймақ басшысы бірқатар жылу-энергия кәсіпорындары басшыларына негізгі проблемалық мәселелерді айқындап алуды, нақты механизмге сай жұмыс жасау қажеттігін қаперге салды. Сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берді. Атап айтқанда, 2020-2021 жылғы жылу беру маусымында жіберілген кемшіліктерге талдау жасап, алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының кестесін әзірлеп, тиісті шараларды осы жылдың 1 қазанына дейін толық аяқтауды, әлеуметтік нысан қазандықтарын қолданыстағы нормаларға сәйкестендіру жұмыстарын жүргізуді жүктеді. Сондай-ақ, әлеуметтік нысандар бойынша қажетті отын қорын жасақтау, коммуналдық төлемдерді жинақтау, мекемелер арасындағы берешек қарыздарды болдырмау жұмыстарын пысықтауды міндеттеді. Бұл тапсырмалардың орындалуын бақылауды орынбасары Серік

Сүлейменовке тапсырды.

Екінші мәселе – мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту. Оның ішінде мүгедектігі бар адамдарға облыс аумағындағы нысандарды бейімдеу мәселесі қаралды. Бұл жөнінде облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмакова баяндады.

Жалпы облыста 30 мыңнан астам мүгедектігі бар адам бар. Биылдан бастап олар техникалық оңалту құралдары мен қызметтерін толығымен Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы алуға болады. Облыста жеке оңалту бағдарламасы әзірленген 11061 мүгедектігі бар адамдардың 9013-і электронды цифрлық қолтаңбамен қамтамасыз етілген. Нәтижесінде, әлеуметтік қызметтер порталына жіберілген жеке оңалту бағдарламаларының орындалуы 65%-ті құрап, республика бойынша өңір 3-ші орынға шықты.

Өңірде ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін бейімдеу және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жақсарту жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағытта 2021-2025 жылдарды көздейтін әкімдік пен Еңбек министрлігі тарапынан 1294 инфрақұрылым объектілерін бейімдеуден өткізу жоспары бекітілген. Оның ішінде биылға жоспарланған 258 объектінің 243-і мемлекеттік мекеме, қалғаны жеке сектордың үлесінде.

Нысандардың қолжетімділігіне мониторинг жүргізуде Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері жанынан жұмысшы топтар құрылған. Нәтижесіне қарай білімдеуге қажетті қаржы көлемі нақтыланатын болады. – Облыс аумағындағы нысандарды бейімдеу жұмыстары бойынша Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласы әкімдеріне жыл аяғына дейін жоспарланған объектілердің бейімделуіне қажетті қаржы көлемін нақтылап, тартылатын қаржы көздерін шешуді тапсырамын. Бұл жұмыстарды үйлестіруді орынбасарым Балжан Шәменовқа жүктеймін, – деді облыс әкімі.

АГРОКЕШЕН: ӨСІМ БАР, ӨЗГЕРІС ТЕ КЕРЕК

Облыс әкімі Гүлшара Әбдікалықова өңірдің агроөнеркәсіп кешінің дамуына арналған жиын өткізді. Оған облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев қатысты.

Аймақ басшысы өңірде агроөнеркәсіптік кешінін дамытудың 2021 жылға бекітілген нысаналы индикаторлары бойынша негізгі көрсеткіштерді саралады. Басқарма басшысы Шахмардан Қойшыбаев өнім өндіру, мал және егін шаруашылығы бойынша бірінші тоқсан қорытындысын атап өтті.

Есепті кезеңде аймақта 13 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 2,8%-ті құрады. Ал, ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 901,8 млн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 1,4 есеге артқан.

Облыстан 5,7 млн долларды құрайтын 16,5 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 84,4 % құрады. Сондай-ақ, өткен жылы ауыл шаруашылығы өндірісіне тартылған инвестициялар көлемі 2 еседен астам өсім көрсетсе, биылғы қаңтар-наурыз айларында салынған инвестиция 1,4 есеге артып отыр.

Егін егу бағытында да белгіленген меже бар. Қазіргі таңда 6573 гектарға мақсары, 4086 гектарға жазық бидай, 344 гектарға жазық арпа, 5 гектарға сұлы, 25 гектарға соя дақылы егілді. Мұнан бөлек, дән жүгері, сүрлемдік жүгері, қант құмайы, соя және картоп, көкөніс, бақша дақылдарын егу жұмыстары күрші егумен қатар жүреді.

Күрші егуді Шиелі, Жаңақорған аудандары 21 сәуірден, Жалағаш, Сырдария ауданы 23 сәуірден, Қармақшы ауданы 25 сәуірден бастаса, Қызылорда қаласы мен Қазалы ауданында 1 мамырда жүргізіледі. Жалпы күршісті егу 30 мамырға, суга бастыру 5 маусымға дейін аяқталады.

Облыс әкімі шет елдерге өнім өткізу нәтижелері бойынша көрсеткіштерді сарала-



ды. Қазірде Сыр елінен әлемнің 13 мемлекетіне өнімдер экспортталады. Күрші өнімі Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан, Өзбекстан, Монғол, Тәжікстан, Украина және Ирак мемлекеттеріне жөнелтіледі. Сондай-ақ, облыстан Ресей, Польша, Литва және Австрия мемлекеттеріне 549,9 тонна балық, Германия мен Нидерланды мемлекеттеріне 268,7 тонна қамыс жіберілген.

Алғашқы тоқсандық қорытынды бойынша мал шаруашылығында да өсім бар. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 4,8%-ке, қой мен ешкі 5,9%, жылқы 10,3%, түйе 7,4%, күс 6,0 процентке өскен. Мұнан өзге, 8,6 мың тонна ет, 17,6 мың тонна сүт және 1,2 млн дана жұмыртқа өндіріліп, өндіріс көлемі біршама артқан.

Биыл «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 1000 бас шет елден мүйізді ірі қара, 27500 бас қой сатып алу жоспарланған. Оның ішінде бүгінгі күні 3 шаруашылық 326 бас мүйізді ірі қара сатып әкелсе, тағы да 5 шаруашылықтың 388 бас мал алуға берген тапсырыстары қаржы институттарының сараптамасынан өтуде.

Жиын соңында облыс әкімі ауыл шаруашылығында әртараптандыру процесін қарқынды жүргізу, суды тиімді пайдалану, ішкі өнімдерді өңдеу бағытында жұмысты әрі қарай жандандыруды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



– Жағыппар Аманжолұлы, «Qyzylorda» теларнасының ашылғанына 8 ай болғанда қызметке келісіз. Содан бері құмырыңыз телевидениеге арналды. Отыз жыл бұрынғы уақытқа шолу жасайықшы...

– Республикада ол кезде 19 аймақ бар еді. Біздің теларна сол облыстардағы теларналардың кеңжесі. Себебі, Сыр елінде теларна ашуға ынта болғанымен, алдында ала титтік тұрғыдағы студия болмаған. Бірақ көштен қалмау керек. Сейілбек Шаухаманов ағамыз, Виталий Брыкиннің күштеуімен титтік болмаса да, облыстық партия комитеті саяси ағарту үйінгі ғимараты берілді. Компания жабылмай тұрған уақытта. Ал, компания жабылмай тұрып, оның ғимаратын алу оңай дүние емес. Теларна қазіргі «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы, сол кезде телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қызылорда облыстық комитеті болып ашылған. Алдымен жарты жыл дайындық жұмысы жүргізіледі. Бүкіл техника Ленинград қаласынан әкелінген. Алғашқы жарты сағаттық хабар 1991 жылдың 30 сәуірінде жарық көреді әрі ол сәтті шыққан. Бақытмызға орай дейік пе, ертеңіне 1 мамырға арналған Орталық алаңдағы мерекелік шеруен 45 минут бойы тікелей репортаж жүргізудің мүмкіндігі туады. Ол да сәтті бастама болды. Жалпы бұл шаруалардың басы-қасында азаматтық тұрғыда позициясы биік, шығармашылық тұрғыда потенциалы өте мықты Жаксылық Бекқожаев деген ағамыз тұрды.

Теларнаның ашылу бойынша 45 минуттық тікелей репортажбен басталуы қазірдің өзінде оңай емес. Алғашқыда 1 сағат, араға уақыт салып, тәулігіне 3 сағат, кейінірек 5 сағатқа дейін хабар таратуы – үлкен ерлік. Қазіргідей мобильный техника жоқ, 2 минуттық сюжет дайындау үшін кемі 5 сағат монтаж жасалатын болған. Ол біздің кінә емес. Бұл – жалпы елде телевизиялық өндіріс дами қоймаған уақыт. 2004 жылдан бастап тәулігіне – 7, 2009 жылдан бастап – 12, қазір – 15 сағат бойы хабар таратамыз. Алғашқыда процесстің күрделілігі сондай 1 сағаттық хабар дайындауға 120 адам қатысқан. Бүгінде 15 сағаттық хабарды 80 адам шығарамыз. Бұл – телевизиядағы революциялық өзгерістер нәтижесінде қол жеткізген жетістік.

– Сол жағдайға қарамастан облыстық теларналар арасында сараптамалық хабарды бірінші болып жасасыздар. Сырдағы телевизия салаға қандай жаңалықтар әкелді?

– Ол уақытта басқа облыстарда 20-30 жылдық тарихы бар теларналар болған. Ал, ашылғаннан кейін 2-3 жыл ішінде акпараттық-аналитикалық хабар ашу аймақтарда бізден басталыпты. Бұл осы бағыттағы журналистеріміздің өресінің мықтылығын көрсетеді. 1993 жылы сол хабарды Айтқұл Шалғынбаева ашып, 14 жыл бойы тікелей эфирде жүргізді. Аналитикалық хабар жаңалықтардың жиынтығы ғана емес, ауқымды оқиғаларға үн қосу, қоғам дамуына үлес қосу. Бір кездері Аралдың экологиялық жағдайы жақсарған жоқ, сонда да Сыр өңірі халқына берілетін әлеуметтік қосымшаларды алып тастау мәселесі көтерілді. Себебі, өнімді экспорттағанда экологиялық аймақтан келгені үшін кедергілер туындаған. Облыс басшылығының өзі мұны үкіметтің алдына мәселе етіп қойған. Содан халық қарсылық танытқанымен, ешкім ресми түрде айтпайды. Мәселені Айтқұл Жетібайқызы ерекше назар аударып, 1 сағат тікелей эфирде аналитикалық хабарды жүргізді. Сол кезде экология департаментінің басшысы Қуанышқали Шаппанов ағамыз, тағы бірнеше қоғам белсендісі, ғалымдар келіп тақырыпты талқылады. Мәселені халық іліп жекті. Сыр еліне Премьер-министр келіп, жағдайды зерттеп, ақырында мәселеге нүкте қойып кетті. «Бұл проблема әлі бар, экологиялық қосымша алынбайды» деді. Осылайша жеке басынан қорықпай, принципті соңына дейін ұстанатын мықты мамандарымыздың арқасында қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар мәселені көтеруге қол жеткіздік.

Онан кейін қазіргі №15 мектеп-гимназия, Оқушылар сарайының жекешелендірілетін туралы ресми хабар шықты. Оны газеттен оқыдық. Жекешелендіру науқаны болды сол кезде. Барлық мектепте үйірмелер болмауы мүмкін, бірақ ең мықты үйірмелер Оқушылар сарайында еді. Сол жекеге өтіп кетейін деп тұр. Бұл мәселені де аналитикалық хабарға шығарып, соның арқасында екі мекеме де жекеге өтпеді. Бұл – теларна мамандарының интеллектуалдық потенциалы мен азаматтық позициясының арқасы. Соның нәтижесінде халық телевидение арқылы біраз мәселені шешілетініне көзі жетті.

– Теларнаға продюсер деген ұғымды ала келдіміз. Музыкалық контенттің қалыптасуы жас таланттарға жол ашқан секілді...

– Телевидениеге келген уақытты продюсер деген термин қызметке қоймайтын. Мұндағы аймақтар акпарат тарату, түрлі жанрда тақырыптық хабар дайындау. Ал 1-бет



Ақпарат айдынындағы айтулы белес



музыкалық конкурсы, фестиваль өткізу біздің функциямызға жатпайды. Телевидениенің ерекшелігі – халықтың шығармашылығын эфирден көрсетуі керек. Сондықтан басты мақсатымыз музыкалық хабарлар дайындап, жергілікті мызаықалық контентті дамыту болды. «Өнші балапан», «Ботакан», «Жыр керуені», «Сыр жүлдыздары», «Таншолпан» сынды телебайқауларды өткізіп, сонау құмдағы ауыл балаларының ішінде таланттарды таныдық. Олардың көбі облыс тұрмақ, аудандағы байқауларға да қатыспаған. Балаларды облысқа әкеліп, содан бағы жанып, лауреат атанғандардың өнерін республикаға насихаттай бастадық. Біздің конкурстардан шыққан өнер иелерінің ішінде жетеуі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағын алды. Бибігүл Жанұзақ – «Астана операның» жетекші солисті. Қазақстан қыз-келіншектерінің ішінде 10 алтын медаль иесінің қатарында. Тахауи Рахметовті алғашқы іріктеуден өткізіп, байқауға алып келген кезде даусы керемет болғанымен, өзі кіші-кішіктей, қап-қара болатын. Сахнада қалай болар екен деп уайымдайтынбыз. Танертеңнен кешке дейін күннің астында асыр салып жүрген ауыл баласы ғой. Қазір Абай атындағы опера және балет театрында жетекші солист, табысты өнер иесі. Ал ең үлкен жетістігіміздің бірі – Алмас Кішкенбаевтың «Super star»-да жеңіп шығуы. Телебайқауларда потенциалы мен азаматтық позициясының арқасы. Соның нәтижесінде халық телевидение арқылы біраз мәселені шешілетініне көзі жетті.

– Эфирдің сәтті, сапалы шығуы бір емес, бірнеше маманға байланысты. Теларна өзінің мектеп қалыптастыра ала ма?

– Телевизия – ұжымдық жұмыс. Мұнда мәселе сценарий жазушыға байланысты емес. Оператор, мон-

тажер, дыбыс режиссері, дизайнер түсінісіп, команда ретінде бір шешімге келгенге ғана жасы хабар шығады. Егер соның біреуінің қызметінде кемшілік кетсе, хабар өз мақсатына жетпейді. Жап-жақсы дүниенің дыбысы дұрыс болмаса да көрермен қабылдамайды. Ұжымның шығармашылық, техникалық әлеуетінің жоғарылығынан команда ерте қалыптасты. 1993 жылдың өзінде бастамамыз мықты еді. Баян Исламбаева, Айтқұл Шалғынбаева, бас инженер Бақытжан Шүкенов, Жәнібек Жұманов, бас режиссер Нұрлыбек Шахметов сынды мамандардың ұмтылысының мықтылығынан оны бір жерден шығатын команда жасақтады. 1994 жылдан бастап бәсекелестікті арттыру мақсатында облыстық теларна жанынан екі теларна ашылды. «Диларды» Баян Исламбаева, «Асарды» Дана Рысұхамедова мен Бақытжан Шүкенов құрды. Ол кезде облыстық теларна сенбі, жексенбіде эфирге шықпайтын. Біз көбіне ресми акпаратпен шектелсек, екі теларна бейресми материал деп беретін. Аптасына бір рет, 3-5 сағат шықса да, ол екеуі бірін басып кетті. Бір жағынан осы арқылы жақсы табыс таптық әрі қызметкерлердің 40 проценті сол екі теларнада қосымша жұмыс істеді. Теларна жаңадан ашылған кезден-ақ табыстың көзі жақсы, коммерциялық жұмыстар да жолау қойылған еді. Басшымыз Әбдіжәлел Бәкірдің бастамасымен, жиналған қаражаттың үлкен бір бөлігі осы жердегі әлеуметтік мәселесі шешілмеген мамандарға ұй алып беруге бағытталды. Жалпы саны 23 қызметкер ғой алды. Сол азаматтардың 80-90 проценті әлеуметтік жағдайы шешілгені үшін осы жерде тұрақтап қалды.

Теларнадағы мұнан кейінгі ең үлкен даму 11 ай басылық қызмет атқарған Амангәлі Шәріптің түсуінде болды. Отыз жасын әртіп, талашып, бірақ халыққа соншалықты жақын басын берді. Адам неғұрлым білімді болса, соғұрлым мәдениетті болатынын

сол кісіден көрдім. Ол қызметке келгеннен кейін хабарларымыз 80-90 процентке өзгеріп, республика бойынша көшбасшы теларна қатарында болдық.

– Қазір рейтинг бойынша қай бағдарламалар көш бастап тұр?

– Телевидениенің белелі, рейтингісі жақсы хабарлардан тұрады. Ең бірінші жаңалықтар қызметімен аналитикалық хабарлардың жоғары деңгейде болуын назарда ұстаймыз. Егер жаңалық бүгінгі күннен қалып қойса, ол енді маңызды емес. Оперативтілік – бірінші кезекте. Әр жаңалықтар топтамасында өзекті, маңызды, проблемалық мәселе көтерген жаңалықтың болуына мән береміз. Көрермен негізінен «Жаңалықтар», «Новости», «Үзтігана» акпараттық-сараптамалық хабарларын бірінші кезекте қарайды. «Үзтігана» теларнаның бас редакторы, әрі сол хабардың редактор-сарапшысы Айнуір Тұңғышбаева жүргізеді. Айнуір – Сыр бойындағы журналист қыз-келіншектерінің ішіндегі көшбасшыларының бірі. Ол таңжирібелі ғана емес, үлкен аналитик публицист. Айта кету керек, «Жаңалықтар» қызметіндегі акпараттардың негізгі саясатын анықтайтын, хабарларды реттейтін шеф-редактор, интеллектуалдық тұрғыда мықты журналистсіз – Мәлдір Құлмырзаева. Орысша хабар тарату бөлімінің шеф-редакторы, шағын хабарларының өзі халықаралық конкурстарда лауреат атанған – Бақыт Қалдыбаева. Ал, Алтынай Молжанованы тікелей эфирдің патшайымы десек болады. Өйткені, тікелей эфир – журналистің қасиетті біліктілігі айқын көрінетін алаң. Бұл ретте Алтынай – облыстық, республикалық деңгейде өтетін шаралар мен телекөпірлердің жүгін үлкен қасиет шеберлігімен арқаулап жүрген мамандарымыздың бірегейі.

«Өмірдің өзі» ток-шоуын біздің ғана емес, басқа облыстардағы тұрғындар да тамашалап, арнайы тікелей эфирде байланысады. Кейінгі кезде халықтың арнайы хабарласып, алғысын білдіріп

жүрген хабарларының қатарында – «Сыр елінің тұлғалары» деген деректі хабарлар циклы бар. «Туған өлке», «Ақиқат алаңы», «Өзекжарды» хабарларының өз көрермендері қалыптасқан. Жастарға арналған «Көшбасшы.kz», Қызылорданың өнімдерін көрсететін «Қызылордада жасалған», «Қызылорда музейлері», «Бизнес-бағдар» сынды 40-қа жуық арнайы бағдарламалар бар.

– Бүкіл теларнаға монтаж үстелі біреу-ақ, ескі аппаратура, камера да кәсіби емес, суфлер жоқ». Сол кезеңі жағдай – бұл. Арадағы 30 жылға техникалық жағдай қалай өзгерді?

– Рәсімен, кезектің көптігінен сюжет шығуына 10 минут қалғанда да монтаж жасалатын. Монтаж жасайтын сол аппарат бұзылып қалады-ау деген ой да жоқ, оны бұзға құқығымыз да жоқ еді. Қазір монтаждайтын техника саны – бес-сегу, жалпы техникалық тұрғыдан жаратқанудымыз өте мықты. Республикалық теларналармен бірдей деңгейде хабар таратамыз.

– Қазір елің назары – YouTube-ға. Телевизияға лайықты бәсекелес емес. Дегенмен, теларна көрерменін жоғалтпай алмау үшін қандай шаралар жасауда?

– YouTube ауыл тұрғындарының бәрін бірдей қолжетімді емес. Сондықтан теларнадан жаңалық күтіп, арнайы бағдарламаларды қарайтын халық аз емес. Телевизия өндірісіндегі барлық жобаларымыз теларнаның YouTube-тағы каналына, әлеуметтік желілердегі парақшаларына жарияланып, бұл саладағы сұранысты да қатар дамытып отырамыз. Көрермендер негізінен ток-шоуларды жақсы көреді. Біздің басқа облыстық теларналардан ерекшелігіміз – халық шығармашылығын дамытуға үлес қосуға арналған бағдарламаларымыз болуында. Бірнеше жанрда тұратын «Ботакан» облыстық фестивалі, 13-18 жас аралығындағы эстрадалық өндірді орындаушылардың облыстық телебайқауы – «Таншолпан» эфирге шығады. Ол біраз үзілістен кейін биыл 11-рет көрерменнен қайта қауышты. 18-25 жас аралығындағы орындаушыларға арналған «Сыр жүлдыздары» деген телебайқау бар. Оның негізін мәдениет саласын басқарған кезде Бақтыяр Тайлақбаев салған еді. Негізінде, YouTube пен теларна салыстыруға болмайды. Теларнада мәселені кәсіби мамандар зерттеп, зерделеп қана көрерменге ұсынады.

– Нүртілеу Иманғалиұлы бір сұхбатында: «Жас балалардың «ауруы» бар. Эфирде оқын отыр-

ған кезде ақпаратшы емес, «мені көрдім бе?» деп отырады. Ол өзі – табиғи заңдылық. Сол аурудан кім ертерек айығады, сол адам нағыз телемаман болуы ықтимал» дегені. Теларнада кадр қалай іріктеледі?

– Нүртілеу Иманғалиұлының айтқаны өте орынды. Ол кісі – телевидениенің мәтрі ғана емес, көптеген журналистің ұстазы. Бізде кадрлар үлкен сұрыптаудан өтеді. Корпорацияға қарағанын кейін қызметке қабылдаудың белгілі бір заңдылықтары да бар. Қазіргілер эфирде бірден құлдыз болғысы келеді. Бірақ бізде эфирде бет-әлпетін ғана ойлап отыратын жүргізуші жоқ секілді. Хабарды дайындап әрі әрі жүргізетін, контакты да өзі шақыратын болғаны оның хабарда бет-жүзін ойлап отырау мұршасы да болмайды.

Олар сценарийді, мәтінді сулыратып оқып бермейді, хабарды түсініп, мәтіннің қай тұсына басымдық беру керетін біледі.

– Карантин дүбірлі тойға, емен-жарқын диларластау мүмкіндік бермей тұр. Бил меерейтой қалай атанатты?

Арнайы номинацияларды анықтап, ардагерлерді марапаттап, түлектерді шақырып, салтанатты үлкен шара жасауға талпыныдық. Бірақ пандемияның тұсында оған мүмкіндік болмай тұр. Одан шегініп, 30 жылдық тәжірибеміз, облыстық жалпы жарлықтық теларналардың қоғамдағы орнына байланысты ғылыми-практикалық конференция өткізуді де ойлағанбыз. Карантин кезінде ол да мүмкін емес. Сондықтан, үлкен шаралар өтпейді. Мерейтойға орай арнайы брифинг өткіземіз. Теларнаның туған күнінде 3 сағаттық телемарафон тікелей эфирде көрерменге ұсынылады.

Әңгімелескен
Айдана ЖУМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Суреттерді түсірген
Нұрболан НҮРЖАУБАЙ

Табиғатты өрттен сақтайық!

Орман қорындағы әртүрлі өсімдіктер мен жануарларға үлкен зал тигізетін катердің бірі – өрт. Өрттің негізгі себептеріне тоқталсақ, олардың табиғи факторлар есебінен орын алатыны өз алдына, адамдардың бейқамдығы басты мәселе болып қала береді.

Қызылорда облысындағы құрғақ және желді климат, шөптесін өсімдіктердің көп болуы, орман, дала өртінің тез өріс алуына мүмкіндік туғызады. Орман және дала өрттері көбінесе аумақты қажет емес қалдықтардан тазарту және ауыл шаруашылығы жеріндегі қажет емес өсімдіктерді немесе қалдықтарды жағу кезінде болады. Тиісті бақылау жүргізілмеуінен, минералданған жолақтарының болмауынан, жақын орналасқан орман алқаптарына жалын тарап, артынан түзелмейтін шығынға әкеліп соқтырады.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «2021 жылы мемлекеттік орман қоры жерлерінде өрт қауіпті маусымды белгілеу туралы» бұйрығына сәйкес республиканың оңтүстік аймақтарында өрт қауіпті маусым 2021 жылғы 26 наурыздан бастап белгіленді. Осы кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін облыс бойынша орман қоры жерінде 23,5 га құрайтын 5 өрт оқиғасы тіркеліп, бұл көрсеткіш 2020 жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 17 есеге төмендеп отыр (2020 жылы – 22 өрт, 87,71 га). Табиғатқа келтірілген шығын көлемі 58700 теңгені құрайды (2020 жылы – 8 136 400 теңге).

Сонымен қатар, облыс бойынша тұрғындар тарапынан абааттандыру, жерді ашу үшін құраған шөптерді өртеу барысында, ашық отты қараусыз қалдыру салдарынан шабындық жерлерде, ашық алаңдарда, автожол бойы мен канал жағаларында құраған шөптердің, шөген, жынғылдардың жануынан көлемі 3,1 гектарды құрайтын 3 жану оқиғасы тіркелді.

Облыс тұрғындарынан төменде көрсетілген ережелерді сақтауын сұраймыз:

- шабындық, егістік, орман алқаптарында құраған шөптерді, қоқыстарды өртегенде бақылаусыз қалдырмау;
- ауа райы құрғақ, ыстық және қатты жел кезінде алау жақпау;
- демалыс орнынан кетерде алауға су құйып, құм немесе топырақ сеуіп кету. Жанып жатқан қалдықтар мен сіріңкені лақтырмау;
- егер өрт аумағында болсаңыз, өзіңіздің күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, оның таралу бағытын және шығу бағдарын анықтап құтқару қызметіне 101, 112 нөмірі арқылы хабарлау керек.

Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғаларды жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметі, орман шаруашылығы мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлері мобильдік топтар әкімшілік жауапкершілікке тартатыны жөнінде ескертеміз. Қазіргі таңда мобильдік топтар орман, тоғайлы, далалық және егістік алқаптарда рейдтік шаралар жүргізуде.

Өрт – тілсіз жау. Орман, тоғайлы, далалық алқаптарда өрт оқиғаларын болдырмас үшін қарапайым өрт қауіпсіздік шараларын сақтауды ұмытпайық!

Б.ІЗБАСАРОВ,
облыстық төтенше жағдайлар департаменті
бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі

Байқоныр «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ ашық тендер тәсілімен сауда-саттық өткізу туралы хабарлайды

«Байқоныр «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысымен бекітілген «Байқоныр «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ үлесі бар мекемелерді бәсекелестік ортаға өткізу мақсатында ашық тендер тәсілімен тендер өткізетіні туралы хабарлайды:

№	Ұйымның / жылжымайтын мүлік объектісінің атауы	Акциялар пакетінің (үлесінің) мөлшері - АҚ / ЖШС үшін, % - бел, не жылжымайтын мүлік алаңының мөлшері жобаның атауы	Жобаның атауы	ӘКК үлесінің құны	Сауда-саттықтың өткізу күні
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы «Сатуға жататын ұйымдар жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» №908 Қаулысына сәйкес					
1	«Сыр Құм» ЖШС	9,9 % - Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт	Қызылорда-Құмкөл-12км «кен орнында құрылыс құмдарын өндіру жөніндегі жоба»	4 250 000 теңге	Мамыр 2021ж.
2	«Kyzylorda region Wildlife Foundation» ЖШС	9,9 % - жер учаскесі 100 га	Қызылорда облысында флора мен фаунаны дамыту жөніндегі аймақты ұйымдастыру жөніндегі жоба	115 000 000 теңге	Мамыр 2021ж.
3	«Саламат-Агро» ЖШС	44,53 % - Қызылорда қаласындағы бордақылау алаңы мен мал сою пункті	Қызылорда қаласындағы бордақылау алаңы мен мал сою пункті	138 807 000 теңге	Мамыр 2022 ж.
4	«Торгово-логистический комплекс «Алтын Камба» ЖШС	32,27 % - сауда-логистикалық кешен	Сауда-логистикалық кешен құру жобасы	211 990 000 теңге	Мамыр 2021ж.

Аталған тендер 2021 жылғы 20 мамырда сағат 11.00-де (Нұр-Сұлтан уақыты) мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында өтеді www.gosreest.kz.

Кепілдік жарнаның мөлшері сатуға қойылатын мүліктің бастапқы бағасының 15%-ын құрайды. Мүлікті сату шарттары: кепілдік жарнаны шегергенде өткізілетін мүліктің құнын төлеуді жеңілдету сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізуге тиіс. Қабылдау-тапсыру актісіне толық төленгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қол қою қажет.

Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады (Нұр-Сұлтан уақытымен).

Жарамсыз деп есептелсін

ЖК «Абуова» (ИИН: 760505402878) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



Z ұрпак, қайда барасың?

Үнсіз ұрпак (1923-1943 жылы туғандар)

Олардың құндылықтарының пайда болуына Сталиннің күйін-сүргін, жаппай ашаршылық, екінші дүниежүзілік соғыс сияқты ғаламдық оқиғалар әсер еткен. Басты құндылықтары – адалдық, ережелерді сақтау, заңға бағыну, қызметке, лауазымға құрмет, ар-намыс, шыдамдылық, төзімділік.

Бэби-бумерлер ұрпағы (1943-1963 жылы туғандар)

Бұлардың құндылықтарының пайда болуына Сталиннен кейінгі жылымық, адамның ғарышқа ұшуы, қырғикабақ соғыс, медицинаның, білім беру жүйесінің жақсаруы, ғылымның дамуы әсер еткен. Әкелері соғысқа қатысқандықтан өзін «жеңімпаз ұрпақ» санаған. Басты құндылықтары – оптимизм, пайда мен карьерға құштарлық, ұжымшылық, «командашылдық», «жастық культі».

X ұрпак немесе Белгісіз ұрпак (1963-1983 жылдары туғандар)

Бұлардың құндылықтарының қалыптасуына қырғикабақ соғыс, қайта куру, жариялылық, Ауғанстандағы соғыс, Чернобыль апаты, СПИД, есірткі сияқты оқиғалар әсер еткен. Басты құндылықтары – өзгеріске дайындық, таңдау мүмкіндігі, жаһандық ақпараттану, техникалық білім, индивидуализм, ғұмыр бойы оқуға әзірлік, көзқарастардың бейресмилігі, жана эмоция іздеу, прагматизм, өзіне ғана сену, гендерлік теңдік.

Y ұрпак, Желі ұрпағы немесе Миллениумер (1983-2003 жылы туғандар)

Олардың құндылықтары КСРО-ның ыдырауы, террористік актілер мен аймақтық соғыстар, сандық технологияның күрт дамуы, ғаламдық аурулар, мода мен өнер әсерінен туындады. Ұялы телефондар мен интернет – аталған буын үшін күнделікті үйренішті дүние. Басты құндылықтары – парыз бен борыш, жауапкершілік, аңқаулық, бағына білу. Олар үшін табысқа тезірек жету маңызды.

Z ұрпак (2003-2023 жылдар аралығы)

Бұл ұрпак дипломнан гөрі білімді артықсанады. Қауіпсіздік мәселесіне көп көңіл бөледі. Қалыптасқан ережелерді, заңдарды сақтауға, жаңалыққа бейім. Техника мен ғылымның дамуы олар үшін қалыптас.

Енді мынадай сұрақ туады: шетелдік ғалымдар ұсынған ұрпақтар буынының жіктелісі қазақ менталитетіне қаншалықты сәйкес келеді? Әлеуметтік ғылымдар магистрі, әлеуметтанушы Нұрсұлтан Қаражанның айтуынша, жаһандық ақпарат ағынында жалпыадамзаттық құндылықтардан тысқары қалу мүмкін емес. Жаңа сандық технология, өзге елдердің мәдениетін білу арқылы рухани баю, шексіз экономикалық сауда-саттық қатынасы сияқты пайдалы нәрселер таразының екінші басындағы ұлт жастары, олардың бет-бейнесі, рухани күші секілді түсініктерді еңсеріп тұр.

– Кеңес одағында жастардың санасында «әлемдегі ең әділетті қоғам» (коммунистік қоғам) атты стандартты түсінік қана болды. Ал оның дүние жүзіндегі авангарды – КСРО, КОКП. Коммунистік идеология жастардың бойынан аталдан балаға мұра ретінде қалып, рухани зандылықтар жүйесін бұзды. Ата-баба қаны арқылы сіңетін мәдени-рухани қуатты сүлікше сорып, салт-дәстүрден, діл мен діннен алыстатты. Тарихи тізбек үзілді. Ал бұл – адамның ішкі рухани әлемін байытатын ізолі мазмұнмен суарылған дәстүрлердің «екінін сарқыншағы» деген желеумен қоспадан шығуы. Рационалды ғы-

1-бет

лымды менгеріп, рухани ілімнен құр қалу кесірінен қуыс кеуде, тағдырдың сынағына қарсы тұра алмайтын, нигилист, инфантильді қасиеті басым жастар легі қоғамға қосылды. Біз үзіліп қалған рухани шынжырға қайта жалғану арқылы ғана жаһандық мәдени ықпалға қарсы тұрарлық иммунитет қалыптастыра аламыз, – дейді ол.

Әлеуметтанушы бір жолы алматылық студенттер арасында зерттеу жүргізіпті. Сонда байқағаны, олар аға буын өкілдеріне қарағанда кітап оқуға құлықсыз. Бірақ бұл жастар мүлдем кітап оқымайды деген сөз емес.

– Бүгінде электронды құрылғылар мен интернетті серік еткендер көп. Респонденттер болашақта электронды кітап баспа кітаптың орнын басатынына нық сенімді. Бұған интернеттегі көркем әдебиет аясының кеңеюі түрткі. Оның үстіне, қазір керек мәліметті компьютерден, гаджеттен оп-оңай ала аласың. Жастардың социоәдени дамуы үшін кітап оқудың маңызы зор. Алайда, жаһандану заманындағы түрлі технологиялық және инновациялық прогресс студенттердің оқылм формасын өзгертіп, техногенді студенттер тобын қалыптастырды, – дейді Н.Қаражан.

Осы күні жас та, жасамсыз та телефоннан бас алмайтын болды. Оқушының өзі сонымен дос. Бесіктей балаға дейін қолына ұстатсаң, тыныштала қалады.

– Үлкеннің де, кішінің де өз смартфонды бар. Сол арқылы ойын ойнап, мультық, кино көріп, әлеуметтік желіні ақтарып, қажет ақпарат алады. Ес білмейтін баланы да сонымен жұбататын жағдайға жеттік. Бірақ телефон пайдалануға бірден тыйым салудың жөні жоқ. Ондағы түкке тұрғысыз бағдарламаларды жойып, не көріп отырғанына жиі көз салып қойса, жеткілікті. Ата-ана баланың назарын басқа жасқа, мысалы, кітап оқуға, далада ойнап, бой сергітуге, өз қызығатын іспен айналысуға бұра алады. Одан қалды, ұсақ-түйек үй шаруасына араластырып, қоллаштап отырса, құба-құп, – дейді Қазалы қаласындағы Г.Мұратбаев атындағы №17 мектеп мұғалімі Асылзат Қайназарова.

Қызылордадағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Гүлдана Сәбитова замандастарының гаджет пен смартфонға әуестігін әбестік санамайды. Өйткені дұрыс қолдана білген адам үшін оның тиімді тұсы баршылық. Кейіпкеріміз – сөзіміздің жарқын мысалы. Гүлдана өзімен бірге оқитын Дәулет Райымбекпен бірге электрокардиограф ойлап тапты. Құрылғының көмегімен жүрек ақауларын дер кезінде анықтап, дерттің асқинуына жол бермеуге болады.

– Жүрек – қан тамырлары арқылы денелерді қан айналымын жүзеге асыратын аса маңызды бұлшықтты мүше. Онда ақудың пайда болуы адам өміріне зор ақаулан келтіріп, көп жағдайда өлімге алып келеді. Электрокардиограф ауруды барынша ерте анықтау мүмкіндігін ұсынады. Құрылғыны әлі де жетілдіріміз, патенттеуге өткізіп қойдық, – дейді өнертапқыш өрен.

Мыңжылдықтар тоғысында дүниеге келген ұрпақтар буынының әлеуметтік медиана өмір сүруі – заңдылық. Өйткені олар әлем мобилді телефоннан смартфонға ауысып жатқан дәуірде өсті. Сондықтан басқа басқа, ондай әлемнің қыр-сырын білмейтін ата-аналарымен ашық әңгімелесудің өзі Z ұрпақ үшін мұн. «Бүгінгінің жастары...» деп басталатын әңгіменің ауаны осыған саятын сияқты. Алдыңғы буының өзінен кейінгіге ыңғи көңіл толмайтыны ұрпақтар теориясының төркініне келетіндей...

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕГІ

Ғылымға бет бұрған жастарға түрлі ғылыми-зерттеу жүргізуге мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау оларды жігерлендіріп, ынтасын арттырады сөзсіз. «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп хакім Абайдың өсиетімен ғылым көшіні өрге сүйреп жүрген жастардың неңдей жаңалығы бар?

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

ДҮНИЕ ДЕ ӨЗІ, МАЛ ДА ӨЗІ, ҒЫЛЫМҒА КӨҢІЛ БӨЛСЕҢІЗ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік зертханасының ғылыми қызметкері Рахметулла Жаппарбергенов осы университеттен «Тасымалдауды, жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану» мамандығын алған. Белсенді студент қоғамдық іс-шараларға қатысып, жетістікке жетті. 2013 жылы Татарстанның Қазан қаласына оқуға барып, онда магистратураға түсті. Мамандығы – агроинженерия. Қазан қаласында екі жыл білім алды. Оқуын аяқтаған соң елге келіп, еңбек жолын бастады. Ұстаздарының шақыртуымен өзі білім алған оқу орнына жұмысқа орналасты.

– Бала күнімен ғылымға қызықтым. Кейін жоғары оқу орнын бітіріп, өз салам бо-

йынша жұмыс істеуге бел байладым. Біздің елде білім аламын, жетістікке жетемін деген жастарға мол мүмкіндік қарастырылған. Шетелде білім алуға, тәжірибе алмасуға жол ашық. Өзім секілді жастар сырт елдерде оқып, бүгінде қалтқысыз қызмет етіп жүр. Қазір университет зертханасында еңбек етемін. Түрлі ғылыми жұмыстармен айналысып жүрмін, – дейді ол.

Ғылымға бет бұрған жас маман қазір күршітін қалдығын пайдаға асыру жолдарын және кокыс қалдықтарын қайта өңдеуді зерттеп, зерделеуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек,

көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржолата шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек» делінген. Рахметулла – Тәуелсіздік құрдасы. Азаттықтың ақ таңы атқан күні өмірге келгенін мақтан етеді және лайықты еңбекті азаматтық борышы санайды.

Жігерлі жастың жобаларына химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов жетекшілік жасайды. Ол «Арал өңірінің мұнаймен ластанған топырақтарының мониторинг әдістерін және ыстық климат жағдайында биопрепараттарды



қолдану арқылы оларды тазарту технологияларын жасау», «Төменгі энергияларда жеңіл әлсіз байланысқан ядролардың өзара әсерлесуін экспериментальды және теориялық зерттеу – астрофизикалық қосымшалар үшін», «Қатты және сұйық қалдықтарды біріктіріп өңдеудегі инновациялық жол және оларды ағынды суларды тазартуға адсорбент ретінде пайдалану» атты тақырыптарды қорғап, ғылыми жобаларға қатысты. Басылым беттерінде

30 ғылыми еңбегі жарық көрді.


– Ғылыми жобалардың нәтижесі жемісін берсе, оны сынап көруге болады. Мәселен, бізде кокыс қалдықтарын қайта өңдеу ісі дамымаған. Қокыс қалдықтарын қайта өңдейтін зауыттар бар. Бізде осы деңгейге жету, кокыс қалдығын кәлеге асыру үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын жетілдіруге тиіспіз, – дейді Р. Жаппарбергенов. Жас ғалымның ізденісі ерекше. Ол өзге де бағыттарда талпынысын үдете түспек.

● ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ

Жасарудың сыры мен сыны

Қазір косметология дамып, мүмкіндіктер көкжиегі кеңейді. Айнала толған сұлулық, Спа салондары, косметология кабинеттері. Беттегі дақ пен әжіммен күресуге, ажарлана түсуге мүмкіндік мол. Тіпті қалауыңыздағы қастың пішінін келістіріп, жасанды кіріпк жалтаудан бөлек, қабақ шығарып, ерніңізді үлкейте аласыз. Бет күтіміне қатысты мәселелер, ескерілуі тиіс ереже мен сұлулана түсудің сан қыры жайлы осы мақалада тарқатсақ.

Sb Мәдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»



Әжімнің алдын алуға бола ма?

Нұр-Сұлтандағы косметолог-эстет Жанар Серікқалиева бет пішінін екімен емес, түрлі массаж жасау, күтімді күшейту арқылы қалыпта ұстауды қолдайтындыр қатарынан. Бүгінде сертификатталған маманға жүгінетін қыз-келіншектер көп. Оның айтуынша, бет терісінде проблемалардың басым бөлігі 20-25 жастан кейін басталады. 20-30 жасқа дейін бет терісі жас, 30-40 жас аралығында орташа, 45-тен кейін қартайған санатқа кіреді. Қыздар қауымы жас теріге арналған кремдерді қолдануы қажет. Кей ер адамдарға 20 жастан кейін ғог темп косметиканы пайдалануға болады. 45+ кремдердің құрамында гиалурон, қоллаген көп. Ал, жастарға арналған кремдерде Е, С терізді дәрумендер болуы керек. Осыған назар аудару маңызды. Бұдан бөлек, ерте жастан боянудың зияны бар. Маман боянба демеіміз, тек жасқа сай косметиканы дұрыс таңдау керек деген пікірде.

Жас қыздардың ең көп жіберетін қатесі – базаны қолданбай боянуы. Бірақ соңғы кездері адамдардың бет терісі жақсарып келеді. Оған биоти-блогерлердің әсері көп. Олар барлығын қалай жасау керек екенін, қандай күтімнен кейін боянуды бастауға болады, соның бәрін көбіне дұрыс айтады. Өз бетінше консультация алатындар көп. Бұл – дұрыс кадам. Мамандар бет терісін ерекшелігіне байланысты косметика іріктеп береді. Теріде проблема болса да, болмаса да, 18-20 жасқа келгенде косметологқа көріну қажет. Өйткені бір рет алған кеңес бетіңіздің жылдар бойы жас көрінуіне кепіл болуы мүмкін. Адам ағзасында гиалурон қышқылы болады. Ол ағзадан шамамен 25-30 жасқа дейін шығады. Соның әсерінен 30 жасқа дейін адамның беті балғын. Осы жасқа келгеннен кейін қышқылы бөлінуін тоқтаты, содан бетте сызық, әжім пайда бола бастайды. Бірақ, гиалурон қышқылының ағзада жиналған қорын 5-6 жылға дейін қолдануға бола-

ды. Ол үшін бетке 30 жастан кейін ерекше күтім жасауды ұмытпауға тиіспіз. Кей адамдардың бетіне 35-36 жасқа дейін әжім түспейді, осы күтімнің арқасында, – дейді ол.

Сондай-ақ, тері қабатында қоллаген мен эластин бар. Ультра күлгін сәулелері – терінің дұшпаны. Оның үстіне қандай да бір оқиғаға әсерлену барысында қыз-келіншектер қозғалымы бұлынып еті орналасқан теріге әжім түсіреді. Жас кезде мұндай әжімді қалыппа келтіру оңай, ал уақыт өте келе тегістеу қиын. Бұлынып еткен сәл еркіңсу мүмкіндігін беру арқылы тегістеуге мүмкіндік бар. Бетке арналған массаждың да көмегі зор. Массаж кезінде терідегі қан айналымы жақсарып, ұсақ әжімдер жазылады, ісік басылады. Бірақ, купероз, безеу сынды тері аурулары кезінде оны қолдануға болмайды. Бұдан бөлек, мұндай тұста ботоксқа жүгінетіндер бар. Бұл ретте А типті ботулотоксин 6 ай бойы әсерін жоғалтпайтын көрінеді. Сондықтан ботокс пен диспорты қайталан естірген абзал. Ал, ботулотоксин – бұлынып етін жүйке жүйесіндегі қозғалыс бағдарын бұза алатын ақуыз. Егу барысында жүйке талшықтарының пәрменіне қарамастан, ботулотоксиннің арқасында бұлынып еттердің тартылуы тоқтайды. Алайда, денсаулыққа қауіп жоқ емес. Сондықтан косметолог-эстеттің кенесіне құлақ түрген жөн және ережелерді ескеру керек.

Әр масканың әсері әртүрлі

Бұдан бөлек, косметолог қазіргі технологияның жетістігімен беттегі дақты 90 процентке дейін кетіруге болатынын алға тартты. Сонымен қатар кен тараған бал, балшық, саз маскаларын қолдануда сақ болуды ескертті. Мысалы, бал бетті ылғалдандырады әрі оның бір қабатын пилинг тәрізді түсіріп тастайды. Бал масканы қолданған соң бет қызырып тұрады. Бұл масканы жасағаннан кейін 2-3 тәулік

күн көзіне көрінбеу керек, яғни далаға шықпау қажет. Өйткені ол бет терісін күйзеліске ұшыратады. Ал балшық, саз маскасын құрғақ бетке жағуға болмайды. Лимонды да дұрыс қолданбайтындыр бар. Ал, ол бетті күйдіріп тастайды. Жоғарыда айтп өткеніміздей, үй жағдайында жа-сайтын кез келген процедураның жөн-жосығын маманнан білу керек. Біреуге оң әсер еткен тәсіл сізге жарамауы мүмкін.

Қалыбы өзгерген қабақ

Желіні парактасаңыз, блефаропластикаға қатысты ақпараттардан көз сүрінеді. Ал – жоғары және төменгі қабақтың артық терісін және жарықтарын жоюға бағытталған шара. Ең қызығы, оған қызғатындар аз емес. Блефаропластика арнайы жігіттермен – сангапуримен жасалады, хирургиялық жолы да бар. Бірақ, ол ұзақ уақыт алады екен. Ақпарат көздерінде мамандар көбіне бұл қызметке 30 жасқа дейінгі әйелдер жүгінетінін айтқан. Барлық нұсқама ескерілсе, блефаропластикадан кейін қиындық туындамайды. Процедурадан кейін бір апта қатаң түрде моншаға баруға тыйым салынады, спортпен айналысуға, ауыр физикалық жаттығу жасауға болмайды.

Сондай-ақ, блефаропластикада жас мөлшері шектелмейді. Дегенмен, бірақтар қарсы көрсетілім бар, жүрек-қан тамыр аурулары, қант диабеті, қан аурулары, астма және басқалары. Әрі оны жүкті және бала емізетін әйелдерге жасатуға болмайды. Ерін пішінін өзгерту, үлкейту процесі осыған ұқсас.

Қазір біздің өңірде де бұл қызмет түрін көрсететін салондар жеткілікті және оған жүгінуші жерлестеріміздің қарасы қалып. Қалай десек те, әйел баласының әлемдікке інкәрілігінде тұрған еш оғаштық жоқ. Десе де, жасанды сұлулықтың жан азабына айналмауын ойлау, ертеңді ойлау өркінін өз қолында.

Жобаға қатысушылар көбейіп келеді

Қызылордада «Ashyq» жобасы арқылы «сары түс» жағдайындағы 2 адам анықталды. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Малика Тіетебаева айтты.

Жобаға қатысып жатқан кәсіпкерлер «сары түс» жағдайындағы екі адамды «Ashyq» қосымшасы арқылы анықталғаннан кейін ғимаратқа кіргізбеген. Олар тиісті ақпаратты құзырлы органдарға берген.

Бүгінде облыста «Ashyq» жобасы арқылы 26 кәсіпкерлік нысан арнайы QR код алған. Оның ішінде 7-еуі тәттілік режимнен сәтті өтіп, жұмысын толық бастап кетті. Қалған 19 нысан әзірге тесттік режимде жұмыс істейде.

Еліміздің Бас санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес 26 сәуірден бастап Қызылорда облысы «Ashyq» жобасына енді. Жобаға фитнес-клубтар (Йога орталықтарын қоса алғанда), спортзалдар, сауналар, бассейндер, компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда (16 жасқа дейінгі тұлғаларды қоспағанда), боулинг клубтары, кинотеатрлар, театрлар және филармониялар, банкет залдары, асхана, фаст-фуд, стрит-фуд үлгісіндегі объектілерді қоспағанда қоғамдық тамақтану объектілері, ерікті қатысушылар, облысаралық және қалаларалық жүйелі мере (туристік) тасымалдар, билырд клубтары, концерт залдар қатыса алады.

Ал 5 мамырдан бастап, қараөкеге, жасыл аймақтағы банкет залдарына (тоғтырылуы бір залда 50 адамға дейін, 1 келушіге кемінде 4 шаршы метр) қатысуға болады.

«Ashyq» жобасына тіркелу кәсіпкерлерге бірақтар артықшылықтар береді. Мысалы, егер облыс эпидемиал бойынша «қызыл» аймаққа енген болса, онда жобаға қатысушы кәсіпкерлер «сары» аймаққа қойылатын тәртіп бойынша жұмыс істей алады. Ал егер өңір «сары» аймақта болса, онда кәсіпкерлер «жасыл» аймақтағы артықшылықтарды қолдана алады, – дейді М.Тіетебаева.

Жоғарыда аталған қаулыда жоқ нысандар да жобаға тіркелу, жұмыс істеуіне мүмкіндік бар. Алайда оларға аталған артықшылықтар берілмейді. «Ashyq» жобасына қатысты сауалдар туындаған жағдайда облыстық кәсіпкерлер палатасының мамандары кеңес беріп, сүйемелдеуге әзір. Жауапты маман – палатаның сарапшысы Гүлнұр Құрманғазева. Байланыс нөмірлері: 8 /7242/ 40-09-81 (шкі 4324), 8-7 771 479 7582.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі